

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 қарашадағы N 47/16 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 21 ақпандағы N 04/31 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 наурызда N 2270 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы N 18/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 12.05.2016 N 18/02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабына сәйкес Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 қарашадағы N 47/16 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 8-4-258, 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 143-144 (853) "Северное Прибалхашье"., 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 146-147 (11815) "Балқаш өңірі" газетінде жарияланған) қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы:

"Бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар" сөздерінен кейін ", сондай-ақ, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар" сөздерімен толықтырылсын;

1 тармақтағы:

"Бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар " сөздерінен кейін ", сондай-ақ, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Бахит Кадировна Молдабаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК